

Ұлттық қауіпсіздікті нығайту және барлау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылғы 17 маусымдағы № 23 Жарлығы.

Қазақстан Республикасы Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
және республикалық баспасөзде
жариялануға тиіс

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабының 5) тармақшасына, "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті нығайту және арнаулы мемлекеттік органдардың құрылымын оңтайландыру мақсатында ҚАУЛЫ ЕТЕМИН:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитетіне қосу арқылы Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ведомство - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Сыртқы барлау қызметі (бұдан әрі - Қызмет) құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті:

1) Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына Қызмет туралы ереженің жобасын бекітуге ұсынсын;

2) осы Жарлықтан туындағын өзге де шаралар қабылдасын.

4. "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы № 552 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., № 12-13, 116-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының "Сырбар" Сыртқы барлау қызметі" деген жол алып тасталсын.

5. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне және Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің Аппаратына жүктелсін.

6. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

К. Токаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК